

# ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚАРАРЫ

1 тамыз 2023 жыл

№XIII

Миялы ауылы

*1-мәселеге:*

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, күн тәртібіндегі мәселені тыңдап, талқылап, аудандық қоғамдық кеңес отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.«Аудан бойынша салынып жатқан құрылыс жұмыстарының жай-күйі туралы (тұрғын үй, жол, басқа да әлеуметтік нысандар құрылыстарының барысы т.б.)» аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Д.Нығметовтің, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы К.Камаладеновтің атқарған жұмыстарынан хабарлама мақұлданды;

2. Жыл аяғына дейін аяқталатын құрылыс нысандарындағы жұмыс күшін арттыру; (Д.Нығметов)

3. Аудан бойынша бос тұрған ғимараттарды меншік иесі қажет етпесе техникалық зерделеуден өткізіп, орнын тазалап тапсыру керек немесе пайдаға асыру; (Д.Нығметов)

4. Ауданда жүзеге асырылатын құрылыс нысандарының эскиздік жобасын қоғамдық кеңес мүшелерімен, құрылыс саласының ардагерлерімен кеңесе отыра талқылау; (Д.Нығметов, К.Камаладенов)

5. Ауданда жасалып жатырған құрылыс нысандарына қоғамдық бақылау жұмысын күшейту және қабылданатын нысандарды бірге қабылдау «Экономика, өңірлік даму, экология, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылымды дамыту және коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі комиссияға» (мүшесі Ж.Әбдіғалиға) тапсырылсын;

6. Миялы ауылында жаяу жүргіншілер жолының сапалы жасалуын қадағалау; (К.Камаладенов, С.Салықов)

7. Аудандық қоғамдық кеңестің ҚАРАРЫ шаралар алу үшін тиісті мекемелерге жолдансын және орындалуы жөніндегі хабарламаны 2023 жылдың желтоқсан айына Кеңес хатшысына табыстау ұсынылсын.

*2-мәселеге:*

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, аудандық қоғамдық кеңес отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шаралары

туралы» аудандық экономика және қаржы бөлім басшысының у.м.а Е.Сапиевтің атқарған жұмыстары туралы хабарламасы мақұлданын.

2. Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің 7 ай ішінде атқарылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтері туралы бөлім басшысы Д.Нығметовтің хабарламасы мақұлданын.

3. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы көтерме жәрдемақы алатын азаматтардың тұрғын үйлерін тиісті деңгейде пайдаланып отырғандығына бақылау жүргізілсін; (Е.Сапиев)

4. Сұранысқа ие мамандықтар тізбесі және біржолғы, көтерме жәрдемақы алушы азаматтар туралы мәлімет ашық түрде жариялансын; (Е.Сапиев)

3. Қызылқоға аудандық қоғамдық кеңесі мемлекеттік мекеменің көрсететін қызметтері туралы мемлекеттік органға осы хаттамаға сәйкес Ұсыным берсін.

4. Аудандық қоғамдық кеңестің ҚАРАРЫ шаралар алу үшін тиісті мекемелерге жолдансын және орындалуы жөніндегі хабарламаны 2023 жылдың 26 желтоқсанға дейін Кеңес хатшысына табыстау ұсынылсын.

*3-мәселеге:*

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, аудандық қоғамдық кеңес отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Садақа дастарханының ас мәзірі туралы ауданның бас имамы М.Сұлтановтың ұсынысы мақұлданын.

2. Садақа дастарханының бекітілген ас мәзірі барлық әлеуметтік желілерге хабарлансын; (М.Сұлтанов)

3. Ауылдық округтердегі қоғамдастық жиында, әкелер мен аналар кеңесінің төрағаларымен талқылау жиын өткізіліп, ауыл тұрғындарына хабарлансын; (Барлық ауылдық округ әкімдеріне)

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Ж.Ізбасқан

Қоғамдық кеңес хатшысы:

А.Ардакқызы